

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жұмыспен қамту қызметін қайта құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 7 қыркүйек 1993 ж. N 835. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999.01.29. N 68 қаулысымен. ~P990068

Қазақстан Республикасы Президентінің "Орталық атқарушы өкімет органдарының жүйесін ретке келтіру туралы" 1993 жылғы 9 маусымдағы N 1291 U931291_ Жарлығы мен "Орталық мемлекеттік басқару органдарының тізбесі туралы" 1993 жылғы 9 маусымдағы N 1220 U931220_ Жарлығына сәйкес, мемлекеттік жұмыспен қамту қызметі жұмысының тиімділігін арттыру, басқару органдарының еңбек нарығында бірыңғай саясат жүргізуінде өзара іс-қимылын үйлестіруді жақсарту мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Мыналар:

Қазақстан Республикасы Еңбек министрлігінің Халықты жұмыспен қамту басқармасы Қазақстан Республикасы Еңбек министрлігі жанындағы Халықты жұмыспен қамту департаменті болып;

облыстық жұмыспен қамту басқармалары облыстық жұмыспен қамту орталықтары - еңбек биржалары болып;

Алматы қалалық жұмыспен қамту басқармасы мен Ленинск қалалық жұмыспен қамту орталығы қалалық жұмыспен қамту орталықтары - еңбек биржалары болып қайта құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жұмыспен қамту туралы осыған қосылған Ереже бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасы Еңбек министрлігі жанындағы Халықты жұмыспен қамту департаментінің төрағасы лауазымы бойынша Қазақстан Республикасы Еңбек министрінің бірінші орынбасары болып табылады және оны Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті тағайындайды деп белгіленсін.

Қазақстан Республикасы Еңбек министрлігі жанындағы Халықты жұмыспен қамту департаменті төрағасының орынбасарларын Департамент төрағасының ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Еңбек министрі тағайындайды.

4. Қазақстан Республикасы Еңбек министрлігі жанындағы Халықты жұмыспен қамту департаментінің, аймақтық бөлімшелері мен жұмыспен қамту

орталықтарының құрылымы мен штат кестесін Қазақстан Республикасы Еңбек министрі мен жергілікті әкімдердің келісуі бойынша Департаменттің төрағасы бекітеді.

5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдеріне енгізілетін осыған қосылған өзгерістер бекітілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1993 жылғы 7 қыркүйектегі

№ 835 қаулысымен

Бекітілген

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік

жұмыспен қамту қызметі туралы

Ереже

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жұмыспен қамту қызметі <*> мемлекеттік жұмыспен қамту саясатын және жұмыссыздар мен жұмыспен қамтылмағандарды әлеуметтік қорғауды жүзеге асыруды қамтамасыз ететін мемлекеттік органдар жүйесіне енеді.

<*> Бұдан былай - жұмыспен қамту қызметі.

2. Мемлекеттік жұмыспен қамту қызметі органдарының жүйесіне:

Қазақстан Республикасы Еңбек министрлігі жанындағы Халықты жұмыспен қамту департаменті <***> Халықты жұмыспен қамтуға көмектесу мемлекеттік қорының басқармасы мен атқарушы дирекциясы <***> енеді.

<***> Бұдан былай - Жұмыспен қамту департаменті.

<***> Бұдан былай - Жұмыспен қамту қоры.

Жұмыспен қамту департаменті:

орталық аппараттан;

облыстық, Алматы және Ленинск қалалық жұмыспен қамту орталықтарынан - еңбек биржаларынан;

жұмыспен қамтылмаған халықты кәсіптік даярлау және кәсіптік бағдарлау орталықтарынан;

қалалық (қалалардағы аудандық) және аудандық жұмыспен қамту орталықтарынан - еңбек биржаларынан тұрады;

мемлекеттік жұмыспен қамту қызметінің құрамында барлық деңгейде азаматтардың еңбек ету және жұмыспен қамтылу құқықтары туралы заңдарды мемлекеттік органдардың, кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың, шаруа қожалықтарының және басқа да жұмыс берушілердің орындауын бақылайтын инспекциялар жұмыс істейді.

3. Облыстарда, қалаларда және аудандарда жұмыспен қамту органдары өздерінің іс-әрекетінде жоғары тұрған тиісті органдар мен атқарушы өкімет органдарына бағынады.

Жұмыспен қамту қызметінің органдары атқарушы органдардың құрылымдық бөлімшелері болып табылмайды.

4. Жұмыспен қамту қызметі өзінің іс-әрекетінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, республиканың халықты жұмыспен қамту туралы Заңын, басқа да заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтары мен шешімдерін, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларын, республиканың халықаралық шарттарын, Жұмыспен қамту қоры басқармасының шешімдерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

5. Республикалық және жергілікті деңгейдегі мемлекеттік жұмыспен қамту қызметінің органдары жұмыспен қамтуға көмектесетін үйлестіру кеңестерімен тығыз байланыста жұмыс істейді. Аталған кеңестер кәсіптік одақтардың, жұмыс беруші қауымдастықтардың (мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдар, қауымдастар, бірлестіктер, кооператорлар одақтары, жалға берушілер, кәсіпкерлер директорларының кеңестері), мемлекеттік басқару және мемлекеттік жұмыспен қамту қызметі органдарының өкілдерінен құрылады.

6. Жұмыспен қамту қызметінің функциялары, міндеттері мен құқықтары " Халықтың жұмыспен қамтылуы туралы" Қазақ ССР Заңында анықталған және оларды қоғамдық ұйымдар мен атқарушы өкімет органдарының бөлімшелеріне беруге болмайды.

7. Мемлекеттік жұмыспен қамту қызметі органдарының жұмысы және оларды ұстау Жұмыспен қамту қорының қаржысы есебінен жүзеге асырылады.

Жұмыспен қамту қызметі органдарының құрылымын, қызметкерлер санын, штат кестесін және оны ұстауға жұмсалатын шығындар сметасын Қазақстан Республикасы Еңбек министрі мен жергілікті әкімдердің келісуі бойынша Департаменттің төрағасы бекітеді.

8. Облыстардағы, қалалар мен аудандардағы жұмыспен қамту қызметі органдарының басшыларын мемлекеттік жұмыспен қамту қызметінің жоғары тұрған органдары атқарушы өкімет органдарының ұсынуы бойынша қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

9. Жұмыспен қамту қызметінің қызметкерлеріне тиісті атқарушы өкімет органдары құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлеріне көзделген еңбекақы төлеу, әлеуметтік-тұрмыстық және медициналық қызмет көрсету шарттары қолданылады.

10. Жұмыспен қамту қызметінің органдары заңды ұйым, өздерінің жедеғабыл басқаруындағы жұмыспен қамту қорының қаржысына билік етуші, оның нысаналы пайдаланылуына жауапты болып табылады, дербес балансы,

Қазақстан Республикасының банк мекемелерінде есеп айырысу және валюталық есеп шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген, өз атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі болады.

11. Жұмыспен қамту департаменті мен оның жергілікті органдары өзінің құзыры шегінде:

жұмыссыздар мен жұмыспен қамтылмағандарды жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау саласында мемлекеттік саясатты әзірлеу мен жүзеге асыруды; еңбек нарығындағы ахуалды талдау мен болжамдауды және соның негізінде халықты жұмыспен қамтудың келешектегі және ағымдағы бағдарламаларын әзірлеу мен жүзеге асыруды;

жұмысқа орналастыру ісін ұйымдастыруды жетілдіруді, әлеуметтік қолдауға мұқтаж және жұмыс іздестіруде қиындықтарды бастан кешіріп жүргендерге арнаулы бағдарламалар әзірлеуді, кәсіпкерлік қызметтің дамуына және жұмыссыз азаматтар мен жұмыс іздеуші адамдардың өзін-өзі жұмыспен қамтуына көмектесуді;

мемлекеттік басқару органдарымен, жергілікті атқарушы органдармен, жұмыс берушілермен, қоғамдық ұйымдармен өзара іс-әрекет жасай отырып, жұмыссыздар мен жұмыспен қамтылмағандарды кәсіптік бағдарлау, кәсіптік даярлау шараларын жүзеге асыруды;

жұмыссыздық жөніндегі жәрдемақы, оқуға жіберілген жұмыссыз азаматтарға стипендия төлеу, жұмыссыздық жөніндегі жәрдемақыны алу құқығынан айырылған адамдар мен олардың қарамағындағы жандарға материалдық көмек беру тәртібі мен шарттарын, халықты жұмыспен қамту, жұмыссыздық мәселелері жөніндегі заңдарды қолдану практикасын жетілдіру;

жұмыспен қамту проблемалары бойынша заңдық және нормативтік актілердің жобасы әзірленуін;

халықты жұмыспен қамту проблемаларын шешуде халықаралық ынтымақтастықты қамтамасыз етеді.

12. Жұмыспен қамту департаменті мен оның жергілікті органдарының:

басқа мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдармен, жұмыс беруші одақтармен, кәсіптік одақтармен және қоғамдық ұйымдармен бірлесе отырып, жұмыспен қамтудың мемлекеттік бағдарламасын (республикалық, облыстық және аймақтық) әзірлеу және жүзеге асыру жөнінде ұйымдастыру шараларын жүргізуге;

өтемсіз негізде тиісті атқарушы өкімет органдарынан, кәсіпорындардан, ұйымдардан және мекемелерден, оқу орындарын қоса, жұмыспен қамту бағдарламасын әзірлеуге қажетті мәліметтерді сұратып алуға. Белгіленген тәртіп бойынша жұмысшылардың еңбек, кәсіптік даярлануы мен қайта даярлануының шарттарымен танысу үшін, кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің

таратылуы немесе қызметкерлердің жаппай босап қалуы кезінде құрылатын комиссиялардың жұмысына қатысу үшін, сондай-ақ олардың құзырына енетін басқа да мәселелерді шешу үшін кәсіпорындарға, ұйымдарға және мекемелерге баруға;

халықты жұмыспен қамтудың жайына әсер ететін қаржы-кредит, инвестиция және салық саясаты жөніндегі шаралар туралы шешімдерді әзірлеуге қатысуға;

жұмыспен қамту қызметінің жұмыс істеуіне, жұмыспен қамту бағдарламасын және жұмысқа тартуды қамтамасыз етумен байланысты басқа шараларды жүзеге асыруға тікелей көмектесетін ұйымдар (олардың құрылтайшысы болу) құруға;

еңбек нарығында азаматтарды жұмыспен қамтуға және әлеуметтік қолдауға көмектесумен байланысты, бос жұмыс орындары жәрмеңкесін өткізуді қоса, қоғамдық акциялар мен бағдарламалар ұйымдастыруға;

мемлекеттік жұмыспен қамту қызметінің қатысуымен іске асырылатын қосымша жұмыс орындарын құру, ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру арқылы жұмыспен қамту мүмкіндіктерін кеңейтетін жұмыс берушілерді көтермелейтін құқықтық нормалар мен экономикалық шаралар әзірлеуге;

белгіленген тәртіп бойынша халықты жұмыспен қамту мәселелері жөнінде конференциялар, семинарлар және кеңестер, жұмыссыздар мен жұмыспен қамтылмағандарды жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау саласындағы озық тәжірибені көрсету үшін көрмелер өткізуге;

белгіленген тәртіп бойынша жергілікті банктердің бөлімшелеріндегі Жұмыспен қамтуға көмектесу мемлекеттік қорының есеп-шоттарына кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың, кооперативтердің және басқа жұмыс берушілердің қаржы аударуының толымдылығы мен уақтылығын, жұмыспен қамту және еңбек туралы заңдарды қолданудың дұрыстығын бақылауға құқығы бар.

13. Жұмыспен қамту департаменті шешілуі осы Ережеде оның тікелей қарауына жатқызған мәселелер жөніндегі азаматтардың ұсыныстарын, өтініштері мен шағымдарын заңда белгіленген тәртіп бойынша қарайды және олар бойынша қажетті шаралар қолданады.

14. Жұмыспен қамту департаменті еңбек нарығында қалыптасқан жағдайға қарай белгіленген тәртіп бойынша өзінің қарамағындағы органдарды құрады, қайта құрады және таратады, олар туралы ережелерді (жарғыларды) бекітеді, қызметіне басшылық етеді.

15. Жұмыспен қамту департаментінің төрағасы және мемлекеттік жұмыспен қамту қызметінің жергілікті органдарының басшылары Жұмыспен қамту департаменті мен оның жергілікті органдарына жүктелген міндеттер мен функциялардың орындалуы үшін жауап береді, орынбасарлардың және

құрылымдық бөлімшелер басшыларының өздеріне жүктелген міндеттерді орындауға жауапкершілік дәрежесін анықтайды.

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 7 қыркүйектегі
N 835 қаулысымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
шешімдеріне енгізілетін өзгерістер

1. Қазақ ССР Министрлер Кабинетінің "Қазақ ССР-індегі мемлекеттік жұмыспен қамту қызметі туралы" 1991 жылғы 30 сәуірдегі N 275 қаулысында (Қазақ ССР ҚЖ, 1991 ж., N 12, 79-бап):

1-тармағының екінші-алтыншы абзацтары мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

"мемлекеттік жұмыспен қамту қызметі органдарының жүйесіне Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі жанындағы Халықты жұмыспен қамту департаменті, Халықты жұмыспен қамтуға көмектесу мемлекеттік қорының басқармасы мен атқарушы дирекциясы енеді.

Жұмыспен қамту департаменті:

орталық аппараттан;

облыстық, Алматы және Ленинск қалалық жұмыспен қамту орталықтарынан - еңбек биржаларынан;

жұмыспен қамтылмаған халықты кәсіптік даярлау және кәсіптік бағдарлау орталықтарынан;

қалалық (қаладағы аудандық) және аудандық жұмыспен қамту орталықтарынан - еңбек биржаларынан тұрады".

4-тармақтың күші жойылған деп танылсын.

2. Қазақ ССР Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы 30 сәуірдегі N 277 қаулысымен (Қазақ ССР ҚЖ, 1991 ж., N 12, 80-бап) бекітілген Халықты жұмыспен қамтуға көмектесу мемлекеттік қоры туралы Ереженің 4-тармағының екінші абзацындағы соңғы сөйлем алып тасталсын.

3. Қазақ ССР Министрлер Кабинетінің "Қазақ ССР-інің мемлекеттік жұмыспен қамту қызметі туралы және Қазақ ССР-нің мемлекеттік жұмыспен қамту қызметінің инспекциясы туралы ережелерді бекіту туралы" 1991 жылғы 24 маусымдағы N 391 қаулысында (Қазақ ССР ҚЖ, 1991 ж., N 16, 100-бап):

1-тармақтың Қазақ ССР-нің мемлекеттік жұмыспен қамту қызметі туралы Ережені бекітуге қатысты бөлігінің күші жойылған деп танылсын;

2-тармақтағы:

"мемлекеттік жұмыспен қамту қызметі және оның" деген сөздер алып

тасталсын;

"осы ережелермен" деген сөздер "осы ережемен" деген сөздермен ауыстырылсын;

аталған қаулымен бекітілген Қазақ ССР-індегі мемлекеттік жұмыспен қамту қызметінің инспекциясы туралы Ережеде:

3-тармақтың бірінші, екінші абзацтары мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі жанындағы Халықты жұмыспен қамту департаменті инспекциясының бастығын Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі жанындағы Халықты жұмыспен қамту департаменті төрағасының ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Еңбек министрі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады, әрі оның орынбасары болып табылады.

Мемлекеттік жұмыспен қамту қызметі аймақтық органдары инспекцияларының бастықтарын Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі жанындағы Халықты жұмыспен қамту департаментінің төрағасы Департамент инспекциясы бастығының ұсынуы бойынша қызметке тағайындайды және қызметтен босатады".